

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың кемеңгер басшылығымен еліміздің экономикасын көтеру жолында көптеген жүйелі жоспарлар түзіліп, жүзеге асырылып келеді. Ең басты жетістігіміз ұлттық татулықты қалыптастырды. Біз көп этносты мемлекет болғандықтан бұл бізге

даланудан өз еркімен бас тартып, өзін ядролық қарусыз ел ретінде жария етті. Басты құндылығымыздың бірі ұлттық валютамыз айналымға енгізілді. Ұлттық ойындарымыз жанданып шыға келді. Жастарымыздың ислам дініне көзқарасы өзгеріп, имандылық жолына түсе бастады.

Қазақстан жетістіктері

ауадай қажет нәрсе еді. Сондай-ақ, санамалап айтсақ, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Ата Заңымызды қабылдап, толықтырдық. Елдігіміздің негізгі белгілері – ел рәміздерін бекіттік, оны үлкен мақтаныш етеміз. «2030» бағдарламасы түзіліп, сол бағдарлама бойынша еңбектенудеміз. Елбасының бастамасымен алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарынан нық орын алдық. Мәдениет саласы қайта жанданды. Басқасын айтпағанда, жабылған, тіпті, тиын-тебенге сатылып кеткен мәдениет үйлері, кітапханалар, балабақшалар қолға алынып, ел игілігіне жұмыс істеп жатыр.

Әлемдік спорт пен ұлттық спорт түрлері қарқынды дамуда. Қазақстан әлем аренасында өзіндік орны қалыптасқан елге айналды. Әр кезекті жарқын жеңістен соң орындалған Әнұранымыз кеудемізге мақтаныш сезімін ұялатады. Әлем назарын аударған тағы бір жайт, Қазақстан өз аумағында ядролық қаруды пай-

Мешіттер көбейді. Тәуелсіздік бізге осындай құндылықтар сыйлады. Ақ түйенің қарны жарылды деген осы болар. Дербес мемлекет болып қалыптасу үшін қыруар уақыттың қажет екені баршамызға мәлім. Бірақ біз бұл сынақтан да сүрінбей өттік.

Тәуелсіздік жемістері туралы сөз қозғай отырып, Сарыарқа төсіндегі ару қала – айбыны асқақ Астана туралы айтпай кетуге болмайды. Иә, Елбасы Ақмола қаласын астана жасаймыз дегенге қоғамның басым бөлігі бұған күмәнмен қарады. Алайда, 1998 жылдың 10 маусым күні тәуелсіз Қазақстан жаңа да жас қала – Астананың атын бүкіл әлемге паш етті. Бас қаладағы ең керемет әсем мұнара – Бәйтерек еліміздің символына айналды. Гүлденген Астанамыз, түрленген жас қаламыз – елдік пен тұтастықтың ғажайып үлгісіндей.

Тәуелсіздікке тәубе. Шүкір. Өзімше қуана, тебіріне сөз еткенім қол жеткізген негізгі жетістіктеріміз ғана деп ойлаймын. Мен еліміздің

Тәуелсіздікке оңай жолмен жетпегенін жан жүрегіммен сезінемін. Кейбір замандастарымның азаттық, еркіндік, тәуелсіздік туралы ой-пікірлерінің таяздығы мені қынжылтады. Осы тақырып төңірегіндегі саяз ойлы жалаң тұжырымдары таңғалдырады. Олар үшін бәрі де оп-оңай, қарапайым. Дәл осылай болуы заңдылық сияқты. Кино да үлкен насихат құралы ғой. Бірде «Жаужүрек мың бала» фильмін көрдім. Фильмнің оқиға желісі, дала тарихы, кейіпкерлер тағдыры бірден баурап алған еді. Картинадан алған әсерімнен көпке дейін айыға алмай жүрдім. Бабалар тағдыры көз алдыма елестеп, қатты тебірендім. «Біз кім едік, қазір кіміз?» деген сұрақтар мазалап, терең ой құшағына тарта берген болатын. Бүгінгі күнімізге сансыз шүкірлік еттім. Әрине, осының бәрі Тәуелсіздіктің арқасында емес пе?!

Қорыта келгенде, аяулы Отаным туралы айтарым да, мақтанарым да көп. Тәуелсіздікке қол жеткізген осынау жарқын күндерде менің туған өлкемде, байтақ Қазақстанда, бүкіл әлемде тек бейбітшілік болса екен деймін. Тәңірім бізге «Мәңгілік ел» болуды нәсіп етсін!

Арайлым БЕКЖАН,
Мәдени жалпы орта мектебінің
11-сынып оқушысы.

айналысып,

ра берсе,

огысбаев,

ексейіт

тыны-

гілі

а-

Құлың етші сүйікті!

Ардақты анам, аяулы анам, асылым,
Арманым бар асқақ өрі жасырын.
Тілегім бар, Аллам, Сізге құлың боп,
Сыйласаңыз жәннат бақтың асылын.

Қамқор бізге қайсар менің әкешім,
(Ешкімменен салыстырмас әкесін).
Бар бақытқа бөлу менің арманым,
Сізді және анашымды көресің.

Қызың болам үмітінді ақтайтын,
Қызың болам өзгелерге мақтайтын.
Қанат қағар қолыңдағы бұл құсын,
Тәрбиемен күнде өздерің баптайтын.

Сынақтарда жатамыз біз құлап та,
Бірақ Аллам, ата-анамды жылатпа!
Құлың етші мәңгілікке сүйікті,
Бақилықта орын алар жұмақта.

Жалбарынып күнде, Аллам, сұранам,
Адастырма өмір жолда бұралаң.
Бұл өмірге келу менен кету бар,
Тіршілікте баршаңыз да жүр аман!

Ақгүл ПЕРНЕБЕК,

**Мәдени жалпы орта мектебінің
11-сынып оқушысы.**



Отбасы

Біріншіден, біздерге отбасы қымбат,
Ата-ананың жүрегін көрші тыңдап.
Ана жүрер ұл-қыздың жайын ойлап,
Әке жүрер ұрпақтың қамын ойлап.

Екінші, қымбат саған бауырларың,
Кейде ренжіп ашуға салынбағын.
Дүниеде олардан артық жан жоқ,
Аман болса бақыттың бағындасың.

Бәрімізге шолжаңдап еркелейтін,
Ол, әрине бұртиғыш қарындасың.
Қарындасым, қимасым, қарлығашым,
Сен аға мен інінің жанындасың.

Немеремін, жақсы көрген атасын,
«Құлыным», деп бізге берген батасын.
Сағынатын бір ұлымын әжесін,
Ішетұғын рахаттанып көжесін.

Қадірлі жан – жанашырым, нағашым,
Жиенінің білетұғын бағасын.
Нағашыдай әркез болар қамқоршы,
Жанды ондай айтшы қайдан табасың?

Атам менің – даналардың данасы,
Әжем менің – аналардың анасы.
Әкем, анам – Ай мен Күнім көктегі,
Еркелетіп сүйетұғын тек мені.

Ернар БИБАТЫР,

**Мәдени жалпы орта мектебінің 6-сынып
оқушысы.**

Әже

Бауырына басқан құндақтап,
Ауырсам құстай зыр қаққан.
Ұйқысын бөліп мен үшін,
Түндерін талай ұрлатқан.

Сәл көрмесем сағынып,
Жолыңды күтем сабылып.
Өзің барда еркелеп,
Жаныңнан жүрем табылып.

Сағындым, әже, бүгін де,
Есейіп қалды інім де.
Құшаққа қысып біздерді,
Күлімде, әже, күлімде!

Ана

Әлемде ең жақсы жан «Ана» деген,
Аналар бақытты тек баламенен.
Ержеткенше мәпелеп өсіреді,
Ондай жанды таппайсың бар әлемнен.

Мен есейіп келемін құшағыңда,
Білемін тек өзіңе ұқсарыма.
Берген ақыл, тәрбиең қос қанатым,
Қос қанатпен биікке ұшамын да.

Дарын ОРАЛБЕК,
Мәдени жалпы орта мектебінің
6-сынып оқушысы.

Анама

Өмірімнің шуағы сенсің ана,
Көңілімнің нұр әні сенсің ана.
Елжірейді жүрегі перзентім деп,
Мейіріміне бөленген барлық бала.

Ана деген өмірдің барлық мәні,
Ана бүкіл әлемнің гүлдей сәні.
Ана жыры мәңгілік ақындардың,
Қуат берер өмірдің ол бір нәрі.

Жадыраймын көргенде көзіңнен нұр,
Анашым, қасымда бол, мәңгі аман жүр.
Үмітіңді ақтаймын есейгенде,
Өмірде еш мұңаймай, шаттана күл.

Тоғжан МӘЛІКҚЫЗЫ,

Мәдени жалпы орта мектебінің

5 «а» сынып оқушысы.